

**«Менің Қиялым. Моя Вообразия»
2025 жылғы облыстық жазғы оқу байқауының ережесі**

1. Мақсаты мен міндеттері

1.1. Мақсаты – жас оқырмандарда білімнің көзі ретінде оқудың құндылығы мен маңызын қалыптастыру.

1.2. Міндеттері:

- жазғы оқуды жандандыру, балаларды зияткерлік демалысқа және шығармашылықпен айналысуға кеңінен тарту;
- балалардың өзін-өзі жүзеге асыруы мен мәдени қарым-қатынас орнатуына жағдай жасау;
- отбасылық бірлескен оқу мәдениетін қалыптастыру үшін балалардың оқу процесіне ата-аналарды тарту.

2. Байқауды өткізу мерзімі

Облыстық жазғы оқу байқауы «Менің Қиялым. Моя Вообразия» (бұдан әрі – Байқау) **2025 жылғы 2 маусым мен 31 тамыз аралығында** өтеді.

3. Байқауды ұйымдастырушылар мен қатысушылар

- 3.1.** Байқаудың ұйымдастырушысы – ШҚО мәдениет басқармасының «Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы» КММ (Қазақстан Республикасы, Өскемен қаласы).
- 3.2.** Байқаудың бірлескен ұйымдастырушылары – Байқаудың мақсаттары мен міндеттерін қолдайтын мекемелер, барлық ведомстволық кітапханалар (көпшілік кітапханалар, мектеп кітапханалары және т.б.).
- 3.3.** Байқауға **7 жастан 15 жасқа дейінгі балалар** қатыса алады.

4. Байқау номинациялары мен талаптары

4.1. «СКАЗКИ ИЗ ПЛАСТИЛИНА» номинациясы
(7–11 жас аралығы үшін)

Қатысушылар өздеріне ұнайтын ертегіні таңдап, ермексаздан кейіпкерлері мен декорацияларын жасап, сол туындының негізінде қысқа **анимациялық бейнеролик** түсіруі тиіс. Роликтің ұзақтығы – **3 (үш) минуттан аспауы** керек.

Бейнероликпен бірге **қысқаша түсіндірме** қосылуы тиіс, онда:

- ертегінің атауы;
- авторы;
- не себепті дәл осы шығарма таңдалғаны көрсетілуі керек.

Бейнеролик жасау барысында әртүрлі эффектілерді: фильтрлер, фондық музыка және басқа да көркемдік құралдарды қолдануға болады.

Техникалық талаптар:

- Вертикалды түсірілім;
- Бейне сапасы: **1080 x 1920**;
- Экранның арақатынасы, немесе жақтаудың енінің биіктікке қатынасы: **9:16**;
- Ұзақтығы: **3 минутқа дейін**.

4.2. «ИСТОРИЯ ПРОДОЛЖАЕТСЯ» номинациясы

(12–15 жас аралығы үшін)

Байқауға қатысушылар оқыған кітаптарының кез келгенін таңдап, оның **авторлық жалғасын** жазуы қажет (көлемі А4 форматындағы 2 бетке дейін, шрифт Times New Roman, 14 кегль, жол аралығы 1,5). Мәтін дербес, логикалық байланысы бар, шығармашылықпен жазылған және түпнұсқа болуы керек.

5. Жұмыстарды іріктеу және тапсыру тәртібі

Байқауға қатысушылар өздерінің шығармашылық жұмыстарын және **Қатысушы сауалнамасын** (Қосымша 1) **2025 жылғы 30 тамызға дейін** Ұйымдастыру комитетіне мына электрондық мекенжайға жібереді: vkodub_konkurs@mail.ru «Менің Қиялым. Моя Вообразия» белгісімен.

5.1. Ұйымдастыру комитетіне көрсетілген мерзімдерден кейін келіп түскен жұмыстар Байқауға қатысуға жіберілмейді.

5.2. Барлық жұмыстар **авторлық болуы** тиіс. Жұмыстарға авторлық құқық Байқауға қатысушыларда сақталады. Байқауды ұйымдастыру комитетінің байқаудың ережесін бұзған қатысушылардың жұмысын ескертусіз назардан тыс қалдыруға құқығы бар.

5.3. Байқау талаптарына сай келетін жұмыстар кітапхананың **Facebook, Instagram** парақшаларында жарияланады.

6. Бағалау критерийлері

- Жұмыстың мазмұны мен көркемдігі;
- Байқау тақырыбына сәйкестігі;
- Ерекшелік пен шығармашылық көзқарас;
- Сауаттылық, логикалық байланыс, тіл көркемдігі (әдеби номинация үшін);
- Ұқыптылық, кейіпкерлердің бейнеленуі, техникалық орындалуы (ертегілер ермексайдан анимациясы үшін) .

7. Байқаудың қорытындысын шығару

7.1. Байқаудың жеңімпаздарын анықтау үшін қазылар алқасы құрылады, оны төраға, ал ол болмаған жағдайда, төрағаның орынбасары басқарады

7.2. Қазылар алқасының әрбір мүшесі қатысушылардың жұмысын критерийлерге сәйкестігі үшін белгілі бір номинацияда бағалайды. Номинациялардың әрқайсысында екі жас санатындағы жеңімпаздар анықталады: 7-10 жас, 11-15 жас.

7.3. Дауыстарды қорытынды есептеу қазылар алқасының бірлескен шешімімен жүзеге асырылады. Дауыстардың саны тең болған жағдайда жеңімпазды төраға анықтайды, оның дауысы шешуші болып табылады.

8. Байқауға түскен жұмыстарды пайдалану құқығы

Байқауға қатысушылар өздерінің жұмыстарын авторлық төлемақысыз оны ұйымдастырушылардың пайдалануына келісім береді, бірақ автордың есімін келесі тәсілдермен көрсетуге тиісті болады: байқау жұмыстарының бейнематериалдарын Кітапхананың shqolibrary.kz сайтында, кітапхананың әлеуметтік парақшаларында, басқа да көпшілік шараларда көрсету, жинақтарда, сондай-ақ коммерциялық емес негізде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

9. Жеңімпаздарды марапаттау

Байқау қорытындысы бойынша барлық номинациялар I, II, III дәрежелі дипломдар табыс етіледі. Барлық қатысушылар үшін Алғыс хаттар қарастырылған. Марапаттау 2025 жылдың 20 қазанында Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында жыл сайынғы ОҚУ МЕЙРАМЫНЫҢ салтанатты ашылуында өтеді. Қашықтағы қатысушыларға Дипломдар мен Алғыс хаттар электрондық пошта арқылы жіберіледі.

1 ҚОСЫМША

2025 жылғы облыстық жазғы оқу байқауына қатысушы сауалнамасы

<i>Қатысушының аты-жөні (толық)</i>	
<i>Жасы</i>	
<i>Оқу орны / Жұмыс орны / Қызметі</i>	
<i>Қала / елді мекен атауы</i>	
<i>Қатысушы оқырман болып табылатын кітапхананың толық ресми атауы</i>	
<i>Номинация атауы</i>	
<i>Байқау жұмысының атауы</i>	
<i>Бейнежазбаның жариялану сілтемесі</i>	
<i>Шығарманың атауы</i>	
<i>Мекенжайы, телефоны, электрондық поштасы</i>	

Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес

Мен _____ (ТАӨ) заңды өкіл
кәмелетке толмағанның дербес деректерін өңдеуге келісімімді беремін

Өтініш толтырылған күн: _____

Байқауды өткізу және ұйымдастыру бойынша сұрақтар, сондай-ақ байқау жұмыстары e-mail: vkodub_konkurs@mail.ru электрондық поштасына жіберіледі.

Байланысушы тұлға:

Китапбаева Динара Айткаримовна, Оқырмандарға қызмет көрсету орталығының жетекшісі (WhatsApp +7 777 8529070);

Ұйымдастыру комитеті